ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 29 қараша Іс №1513-23-00-2/2336 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Баекенова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Замира» Замира Батырбекқызы Аймағанбет

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор Д.Қожамжар
талап қоюшының өкілі Н.М.Ноғаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 1 шілдеде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Замира» Замира Батырбекқызы Аймағанбеттың (орындаушы) арасында «бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде мемлекеттік сатып алу туралы № 158 келісім-шарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес, орындаушы жалпы сомасы 1 131 900 теңгеге тауарларды келісімшартқа отырғаннан кейін 16 күнтізбелік күн

ішінде жеткізуге міндеттелген, яғни, 2023 жылғы 6 тамызға дейін. Алайда, 6 тамыз демалыс күніне түсуіне байланысты, жеткізу мерзімі 7 тамыз болып есептеледі.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 10 тамыздаа енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және одан 29 429,40 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысына дайындық барысында жауапкер талап қоюды мойындап, шартта көрсетілген тауарларды жақын арада жеткізетінін айтып көрсетті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті хабарландырылғанымен жауапкер тарапынан өкіл белгісіз себептермен сот отырысына қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 04.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Кустанов Р. Б., 11.01.2024
1513-23-3-1/2672

туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысына сәйкес, бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Сотта анықталғандай, жауапкердің шарттық міндеттемелерін орындау мерзімі 2023 жылғы 6 тамызға дейін белгіленген. Алайда, 6 тамыз демалыс күніне түсуіне байланысты, жеткізу мерзімі 7 тамыз болып есептелген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Талап қоюшы аталған талап қоюмен сотқа 2023 жылғы 1 қыркүйекте жүгінген.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, 7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 04.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Кустанов Р. Б., 11.01.2024
1513-23-3-1/2672

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 7 тамыздан бастап 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін 1 131 900*0,1%26 күн = 29 429 теңге құрайды.

Сот талап қоюшының есебін қабылдайды және өндірілуге жатады деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 29 429 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 883 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Замира» Замира Батырбекқызы Аймағанбет мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Замира» Замира Батырбекқызы Аймағанбеттен мемлекет пайдасына 29 429 (жиырма тоғыз мың төрт жүз жиырма тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Замира» Замира Батырбекқызы Аймағанбеттен жергілікті бюджетке 2 608 (екі мың алты жүз сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Кустанов Р. Б., 11.01.2024